

«Жаңакол жалпы білім беретін мектебі»

Педагог-ұйымдастырушы Медеу Айсараның жылдық есебі

Білім күніне арналған «Мектеп-мейірім мекені!»

1.1-қыркүйек Жаңакол жалпы білім беретін мектебінде «Мектеп-мейірім мекені!» атты білім күніне арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік іс-шараға арнайы ардагер ұстаздарымыз Искакова Шарапат апай мен Отенбаев Нияз ағай, және қамқоршылық кеңесінің мүшесі Есболов Жайлаухан атамыз қатысып, мектеп табалдырығын аттағалы тұрған бүлдіршіндерімізге, оқушыларымызға жылы лебіздерін білдіріп, мерекелерімен құттықтады. Мектебіміздің директоры Асқарбекова Айгуль Таирқызы бүлдіршіндеріміздің қадамына сәттілік тілеп, оқушыларды және ұстаздарды мерекелерімен құттықтады. Сонымен қатар, жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына ұстаздардың ықпалы зор екенін айта келе, мектептегі жетістіктерге де тоқталып өтті. Барлық сыныптарда «Мектеп-мейірім мекені!» атты алғашқы ашық тәрбие сағаты өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/4ctSdj5QcnDDsBPN/?mibextid=oFDknk>





1-сынып оқушылары мектеп табалдырығын атады.

5-қыркүйек қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесіне орай «Мемлекеттік тіл-барлық халықты біріктіретін тіл» туралы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігі «Тілдер» мерекесіне және А. Байтұрсынұлының туылған күніне орай «Мемлекеттік тіл-барлық халықты біріктіретін тіл» тақырыбында іс-шара өткізді. Бірлестік жетекшісі А. Қазбекова мерекенің іс-жоспарымен және мақсатымен таныстырып өтті. Жоспар бойынша бірінші күні іс-шараның ашылу салтанаты өтіліп, кітапханашының және А. Қазбекованың басшылығымен «Өз ұлтын, өз ерлерін ескермесе, «Ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазбекова А., Байғазева Д. ұйымдастыруымен қыркүйектің 5 жұлдызы күні «Тәрбие басы-тіл» тақырыбында қабырға газеттері мен сурет байқауы өтті. Эстетикалық талғамға сай салынған суреттер мен қабырға газеттері ерекшеленіп, оқушылар марапатталды. Сонымен қатар ағылшын тілі пәні мұғалімі Бейсенова Ж. «Мектеп News» интервью ұйымдастырып, тіл мерекесіне байланысты оқушылардан интервью алды.



<https://www.facebook.com/share/p/Bcihpyeb36GMBt9W/?mibextid=oFDknk>

«Алтын күз жәрмеңкесі» туралы

Жәрмеңкенің мақсаты күз уақыты молшылыққа толы болғандықтан күздің берекелі, мерекелі кезін насихаттап, оқушыларды талғампаздыққа, еңбекқорлыққа баулу, балалардың қызығушылығын арттыру болды.

Әр сынып әртүрлі тағамдар дайындап, тағам түрлерінің санитарлық талапқа сай жасалды және жабдықталды. Күзгі жәрмеңке бірнеше критерийлер бойынша бағаланды, оқушының киімі талапқа сай болды (қалпақ алжапқыш т.б.с.с), тағам бағасы, барлық тағамның қолдан пісірілуі басты міндеті болды. Бұл іс-шараға мектеп әкімшілігі, мектеп ұжымы, 1-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілер, ата-аналар белсене қатысты. Күншуақта көңілді өткен бұл мерекеден қатысушылар адамгершілік-этикалық тәрбие ала отырып, экономикалық білімдерін кеңейте түсті деуге болады.



<https://www.facebook.com/share/p/tU1mJ6VEYb1qQXLz/?mibextid=oFDknk>

«Отбасы-бақыт мекені»

«Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында апталық өтілді. Оқушылармен тәрбие сағаттары, сурет көрмесі, эссе жазып, челлендж ұйымдастырылды.

Негізгі мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі және ата-ана баланың баланың бас ұстазы екенін ұғындыру; Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

Оқушылармен түрлі іс-шараларды ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткен сынып жетекшілерге ДТДЖО меңгерушісі Б.Ералиева алғыс білдірді. Отбасы, ұшқан ұя-жылылықтың, жылулықтың мекені болғай!



<https://www.facebook.com/share/p/1WcT4ynTrUaa5yss/?mibextid=oFDknk>

1-қазан Қарттар күніне орай өткізген іс-шара

Төрінен қарт кетпесін деп тілеген халықпыз. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген бөліне сүйеу болу- біздің ата дәстүріміз. Қай жерде де ата-анаға қызмет көрсетуге тиістілігінді ұмыту әсте жарамайды. Қарт адамдардың үйретуге де, ақыл айтуға да моральдік құқы бар.

Кім де кімнің үйінде қартайып отырған әке шешесі және атасы мен әжесі секілді қымбатты «Қонағы» болса, ол үйіне олардың артық Құдайдың құрметті өкілі келеді деп ойламасын, егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап, қамқорлық жасаса, қартайған ата-анасы оның отбасының құты болып табылады. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.

Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, кеңіл зударып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз.



<https://www.facebook.com/share/p/VVHJz8dauaUzcR9f?mibextid=xfxF2i>

«Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес» спорттық акциясы бойынша 2-11 сыныптары арасында эстафеталық сайысы өткізілді.

Эстафеталық сайыстың 4 кезеңі:

-қаппен секіру

-доппен кедергілерден өту

-эстафеталық сайыс

-арқан тарту сайысы бойынша оқушылар бақ сынап, мықтылықтарын көрсетті. Сайыс өте тартысты өтті. Сайыс соңында жеңген командаға мектеп директорының марапат қағазы берілді.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға насихаттау, нашақорлық пен есірткі, зиянды заттарға әуестенбеуге баулу, спорт пен денсаулық егіз ұғым екенін насихаттау;



<https://www.facebook.com/share/p/vXPMZfBdJ7QE5RBC?mibextid=o5Dknk>

Мақсаты: Күз туралы балалардың дүниетанымындарын арттыру, күз мезгілінің қоршаған ортаға әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау. Әр баланың бойындағы қасиеттерін ойлау, әр түрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту. Ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ қызымен жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу. 5-6 сыныптар арасында «Күз аруы-2024» байқауы өткізілді. Оқушылар өз өнерін, қол өнерін көрсетті. Оқушылар 5 бөлім бойынша өз бақтарын сынады. Байқау өте қызыты әрі тартысты өтті. Бас жүлде 5а сынып оқушысы Тәттібек Зере, 1-орын-Салимхан Нұржаусын, 2-орын- 6б-сынып оқушысы-Керімбек Балауса, 2-орын-5б-сынып оқушысы-Тастемір Шырын, 3-орын-5а-сынып оқушысы - Алихан Інкәр, 3-Абдурахманова Сабина, 6б-сынып Ерментай Жұлдыз «Өнерлі ару» номинация, 6б-сынып оқушысы Қаратаева Шахноз «Ибалы аруы» марапатпен марапатталып, сыйлықтар берілді.



<https://www.facebook.com/share/origWmMRT8JtPG1Q/?mibextid=oFDknk>

«Нашақорлық -өмір азабы»

Балалар мен жасөспірімдер арасында Салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру барысында «Есірткі біздің жауымыз» тақырыбында суреттер байқауы өтті. Оқушылар есірткінің зияны туралы ұғынды. Оқушыларға «Нашақорлық -өмір азабы» тақырыбында баяндама оқып беріліп, 9-сыныптардан сауалнама алынды. оқушылар нашақорлық деген жаман ұғым екеніне көз жеткізді. Нашақорлық-көптеген адамдардың, соның ішінде жастардың өмірін қиған қауіпті ауру. Нашақорлықтың зияны көбінесе бағаланбайды, дегенмен оның жақындары бір адамның тәуелділігінен зардап шегеді.Нашақорлар ешқашан дәрігерлерге өз еркімен бармайды, туыстары мен отбасы мүшелеріне тәуелділікті жасырады. Нашақорлық адамның тозуына тез әкеледі.



<https://www.facebook.com/share/p/12CDXDJCqmF7?mibextid=oFDknk>

Тәуелсіздік алған елдің айрықша белгісі – ұлттық валюта. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша – асыл қазына, халық байлығы.

15 қараша- Ұлттық валюта теңге күніне орай мектебімізде білім алушылардың қаржы сауаттылығын арттыру, Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру мақсатында «Ұлттық теңге – Тәуелсіздігіміздің нышаны» тақырыбында тәрбие сағаттары өтілді.

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңге туралы ақпарат беру, төл теңгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезі туралы мағлұматтар беру. Оқушылардың бойына елімізге деген сүйіспеншілікті, мақтанышты сіңірту, елін, жерін сүйіп құрмет тұтатын жас жеткіншектерді елжандыққа тәрбиелеу.



<https://www.facebook.com/share/p/1CgWvRFKD7/>

25-қазан Республика күні!

24 қазан күні 25 Қазан - Республика күніне орай арналған іс-шарасы және Республикалық Бірінғай “Жас Қыран” және “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті.

“Жас Ұлан” ұйымына қабылданушылар алдағы уақытта қоғамдық, танымдық, шығармашылық қабілеттерімен мектеп жүйесіндегі тәрбиелік тәжірибені дамытуға, ат салысу міндеттелді.

Оқушылар Қазақстан Республикасының патриоты болуға, ата-ананы қадірлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, табиғатты аялауға, салуатты өмір салтын сақтауға, оқуда озат болуға ант қабылдады.

Еліміздің болашағы жарқын. Сіздерді еліміздің ең маңызды мерекелерінің бірі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – халқымыздың еркіндікке деген ұмтылысы мен тәуелсіздік жолындағы қажырлы күресінің символы. Әрқайсысымыз үшін Республика күні – еліміздің жарқын болашағы үшін бірлесіп еңбек ету, мемлекетіміздің гүлденуіне өз үлесімізді қосу үшін үлкен жауапкершілік пен мақтаныштың белгісі.



<https://www.facebook.com/share/p/1Ga6AXxtR2/>

«Домбыра-бабадан қалған асыл мұра»

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Домбыра-бабадан қалған асыл мұра» атты домбыра аспабын ұлықтау мақстында музыка пәнінің мұғалімі Б. Орақбаеваның ұйымдастыруымен іс-шара өтілді. Мұғалім оқушыларға қазақтың кара домбырасының жасалу жолдарымен таныстыра келе, күйлердің шығу тарихына тоқталды. Сонымен қатар, өзінің өнерге баулыған шәкірттерінің арасында күйден өзара сайыс ұйымдастырып, өнерлерін паш етті.

Мақсаты: ұлттық рух пен патриотизмді, өз халқына және оның дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, эмоционалды интеллекті қалыптастыру; айтысты қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнердің баға жетпес мұрасы ретінде дәріптеу арқылы дарынды шығармашыл жастарды анықтау.



<https://www.facebook.com/share/p/1Amq2acaph/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасының «Ақындар айтысы» бөлімінің жоспарына сәйкес ҚББП Н. Сәрсенбаев және қазақ тілі бірлестігінің ұйымдастыруымен тақырыбында танымдық сабақтар өтілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі М. Баймұсаева оқушыларға айтыс өнері-киелі өнер екенін ұғындыра отырып, бұл өнер асыл қазыналарымыздың бірі және танымдық та, тәрбиелік те маңызы зор екеніне тоқталды. Айтыс-ақынның талантын шыңдайтын үлкен өнер жарысы екенін айта отырып, сабақты өз дәрежесінде өткізді.



<https://www.facebook.com/share/p/17EBestRfY/>

«Кітаптар әлемі-ғажайып әлем»

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында "Күзгі каникул" іс-шара жоспарына сәйкес Кітапханашы Н.Қуат "Кітаптар әлемі-ғажайып әлем" атты кітаптар көрмесін өтті. Оқушылар демалыста кітапханаға келіп, өздеріне ұнаған кітаптарын оқыды. **Кітап әлемі — ғажайып әлем** деген ұғым көптеген адамдар үшін өте терең мағынаны білдіреді. Бұл кітаптардың біздің өміріміздегі орны мен роліне, сондай-ақ олардың білім беру, рухани байыту, ой-сананы дамытушылық қасиетіне арналған сөз тіркесі. Кітаптар — әрбір адамды жаңа біліммен, идеялармен, қызықты әлемдермен таныстыратын құрал. Кітап әлемінің ғажайыптығы әрбір парақта жасырынған жаңа ғажайып дүниелерде, кейіпкерлердің өмірінде, оқиғалардың дамуында жатыр.



<https://www.facebook.com/share/p/15PhxfMNwR/>

«Жылы жүрек-жомарт қол» акциясы

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 23.10 күні әлеуметтік педагог Т. Кендірбаевтың басшылығымен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өтті. «Жылы жүрек-жомарт қол» на ауылымыздың бірқатар азаматтары, аналарымыз келіп, өз үлестерін қосты. Мектебіміздің директоры А. Асқарбекова келген ауыл тұрғындарына ризашылығын білдірді. Жиналған қаражаттың қайырымдылыққа мұқтаж жандарға жұмсалатынын тілге тиек етті.

"Жылы жүрек, жомарт қол" деген сөздер қазақ тілінде кеңінен қолданылатын мақалды білдіреді. Бұл сөздер адамгершілік пен мейірімділікке, өзгенің жағдайыңа жаны ашып, көмек көрсетуге шақырады. Осылайша, "жылы жүрек" — мейірімді, шын ниетті болуды, ал "жомарт қол" — жақсылық жасаудан аянбайтын, көмек қолын созатын болуды білдіреді.

Бұл сөздер адамның жақсы қасиеттерін дәріптеу үшін айтылады. Жылы жүрек — басқаларға қамқор болу, жақсы қарым-қатынас орнату, ал жомарт қол — көмек көрсету, қайырымдылық жасау немесе материалдық тұрғыда қолдау көрсету деген мағынада келеді.



<https://www.facebook.com/share/p/14jWec5nr2n/>

«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы барасында сурет байқауы өтті. Науканның мақсаты: Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, Қоғамда зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы тұру; Зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер мен балаларға қолдау көрсету; Әйелдердің құқықтарын қорғау. Зорлық-зомбылық — бұл күш қолдану немесе қорқыту арқылы адамға физикалық немесе психологиялық зиян келтіру. Ол әртүрлі формаларда болуы мүмкін, оның ішінде физикалық зорлық-зомбылық, психологиялық зорлық-зомбылық, сексуалды зорлық-зомбылық және экономикалық зорлық-зомбылық.



<https://www.facebook.com/share/p/15bzyKDWeE/>

«Мектеп театр» үйірмесі

Жанакөл жалпы білім беретін мектебінде "Мектеп театр" үйірмесінің жоспарына сәйкес жұмыстар дер кезінде атқарылуда. Педагог - ұйымдастырушы А. Медеу театр мүшелерімен ертегілер әлемінен көріністер қойды. Мақсаты: Оқушылар кейіпкерлердің рөліне ене білуіне қарапайым сөйлемдерді нақышына келтіріп оқуына, әр оқушының актерлық қабілетін ашуға бағытталған. Кішкентай көрермендер сахналық көріністі қызыға тамашалады.



<https://www.facebook.com/share/p/15JMBJ2Nk7/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында "Күзгі каникул" іс-шара жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес Тәлімгер Н.Балқыбеков пен педагог - ұйымдастырушы А.Медеудің ұйымдастыруымен "Асар" -балалардың оқушылар мен туыстарына қол ұшын беру жоспары іске асырылды.



<https://www.facebook.com/share/p/15LtjldG4J/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде жасампаздық және жаңашылдық құндылықтары негізінде "Смарт бала" жобасының жоспарына сәйкес жоба жетекшісі Ғ.Артыков білім алушылардың цифрлық сауаттылығын және өнертапқыштық қасиеттерін арттыру мақсатында "start up" тақырыбында іс-шара ұйымдастырды. Жоба жетекшісі жұмыс барысында оқушының логикалық ойлау және олардың шығармашылығы мен шапшаңдық қасиеттерін дамыту мақсатында шығармашылық тапсырмалар берді. Өр оқушыға ғылым ,математика,әдебиет,тарих жалпы білімге қатысты сұрақтар қою арқылы қатысушылардың креативтілігі мен идеяларды ерекше жеткізу қабілеттерін және заманауи құралдарды пайдалану деңгейлерін бағалады.



<https://www.facebook.com/share/p/18hGsxMhGT/>

«Бес асық» ойыны

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде педагог-ұйымдастырушы А. Медеу мен дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі А. Мылтықбайдың ұйымдастыруымен «Бес асық» ойыны өткізілді.

Ойынның негізгі мақсаты: Білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтай отырып, төл ойынымызды, ұлттық құндылығымызды дәріптеу.

Сонымен қатар, ойын барысында оқушыларымыздың зейіні мен ой-өрісі кеңейіп, салауатты өмір салтын ұстана отырып, ұлттық ойынға деген сүйіспеншіліктері, қызығушылықтары артуда.



<https://www.facebook.com/share/p/19izS1xzTC/>

«Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні»

Педагог -ұйымдастырушы А.Медеудің ұйымдастыруымен "Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай, іс-шара жоспары құрылып, дөңгелек үстел мен сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға еліміздегі даму болашағына қауіп келтіретін, демократиялық мемлекеттің саясатына, қоғамға кері әсерін тигізетін құбылыстарға жол бермеу. Өскелең ұрпаққа саналы тәрбие берумен қатар, елімізде пайдасы мол істердің жауапкершілігін сезіне алатын азамат болып өсуіне ықпал ету. Іс-шара соңында ДТІЖО Б.Ералнева жемқорлықтың қоғамға келтіретін зияндарына тоқталып, балаларға рухани бағыт бағдар берді.



<https://www.facebook.com/share/1Ay8XBuKYx/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 5 желтоқсан дүниежүзілік еріктілер күніне орай аға тәлімгер Н. Балқыбеков пен педагог ұйымдастырушы А. Медеудің ұйымдастыруымен Жаңажол мектебінің еріктілерінен құралған "Болашақ" командасы Әбдіқайым ата мешітіне және Ұлы отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішке барып, айналасын сыпырып, жапырақтарын тазалап, жапырақтарын ретке келтірді. ауыл имамы Омаров Абдилла оқушыларға алғысын білдіріп, батасын берді. Мақсаты: оқушыларды мейірімділікке, бауырмашылыққа, еңбекке тәрбиелеу.



<https://www.facebook.com/share/p/1BPo3taqvK/>

«Тәуелсіздік күніне орай арналған спорттық ойын»

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде педагог-ұйымдастырушы Айсара Медеудің ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 33 жыл толуына орай, "Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын" тақырыбында спорттық іс-шара ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға еліміздің тәуелсіздігі мен еркіндігін сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізу.



<https://www.facebook.com/share/p/17BdY2sCzC/>

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде педагог-ұйымдастырушы Айсара Медеу мен дене шынықтыру пәні мұғалімі А.Мылтықбайдың ұйымдастыруымен "Ұлттық ойын-ұлт қазынасы" тақырыбында "Арқан тартыс", "Қол күрес" ұлттық ойындар бойынша сыныпаралық сайыс өткізілді.
Мақсаты: балалардың денені шынықтыру арқылы денсаулығын нығайту, ұлттық дәстүр мен мәдениетімізді құрметтеуге баулу.



<https://www.facebook.com/share/p/1B7u44yvJ6/>

«Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды.»

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында педагог-ұйымдастырушы Айсара Медеудің ұйымдастыруымен «Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды...» тақырыбында аналарға арналған мерекелік іс-шара өтілді. Іс-шараға барлық сынып оқушылары қатысып, мерекелік концерт өз дәрежесінде өтіліп, керемет көңіл-күй сыйлады. Оқушылар аналарға арналған әндерін, жырларын паш етіп, жүректен шыққан жылы лебіздерін арнады.

Мерекелік шараға қатысқан аналар да өз ойларын ортаға салып, ризашылықтарын білдірді. Кеш соңында мектеп директоры Айгүл Аскарбекова сөз алып, ананың отбасына берер тәрбиесінің ролі ерекше екендігін және дүниеде үш нұр бар. Біріншісі-күннің нұры, екіншісі-ақылдың нұры, үшіншісі-ананың нұры дейді халық даналығы. Күнделікті тұрмыстағы басты құндылықтарымыз аналардың бақыты, отбасының жарасымды тірлігі десек қателеспейміз. Өйткені, аналарды ардақтағанымыз-әсемдік пен адалдықты ардақтағанымыз деп, ізгі тілегін арнады. Сонымен қатар, жоғары деңгейде өткен мерекелік іс-шараны ұйымдастырушы Медеу Айсараға алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.



<https://www.facebook.com/share/p/1BroCjnyd2/>

«АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ...»

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай «АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ...» тақырыбында мерекелік іс-шара болып өтті.

Мектеп директоры Аскарбекова Айгуль құттықтау сөз сөйлеп ұстаздарға, оқушыларға алғысын білдіріп, іс-шараны ашып беріп, оқушыларды ізгілікке, мейірімділікке және сыйластыққа шақырып, жүрекжарды тілегін жеткізді. "АЛҒЫС АЙТУ" күні – сан түрлі сынақтардан өткен халқымыздың ынтымақ-бірлігін айғақтайтын ерекше күн. Айтулы мереке халқымыздың тату-тәтті, береке-бірлікте өмір сүруі үшін өте маңызды. Жүректеріміз әрқашан мейірім мен алғысқа толы болсын! Алғыс айту күні құтты болсын!



<https://www.facebook.com/share/p/1CEvPTWsxcl/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің пед ұйымдастырушы Медеу Айсараның ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 1-сәуір Күлкі күніне орай мектебімізде 8-10 сыныптар арасында Жайдарманшылар өздерінің кезекті ойындарымен көрермендердің көңілін әзіл-сықақтарымен көтерді. Мақсаты оқушыларды шығармашылыққа насихаттау, мәдениетін көтеру.



<https://www.facebook.com/share/p/12LgaSmw71x/>

«Бұлақ көрсең көзін аш»

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде Көктемгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында педагог-ұйымдастырушы Айсара Медеу мен тәлімгер Н.Балқыбековтың жетекшілігімен

"Адал ұрпақ ерікті клуб мүшелері" мен "Мектеп парламентімен" бірге "Бұлақ көрсен кезін аш" тақырыбы бойынша ауыл ішіндегі орналасқан бұлақ кезіне барып, бұлақтың кезін аштық.

Мақсаты: табиғатқа деген қамқорлық жасау, қоршаған ортаны сақтап, жауапкершілікпен қарауға шақырады.



<https://www.facebook.com/share/p/16K4WRCLtU/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің кітапханасындағы «Коворкинг» орталығында кітапханашы Қуат Нұргүл мен пед.ұйымдастырушы Медеу Айсараның ұйымдастыруымен 28наурыз күні «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының мүшелері мен мұғалімдер арасында «Интернет-кітапты алмастыра ала ма?» атты тақырыпта пікірталас өтті.

Мақсаты: Оқушыларды сөз саптау шеберлігіне баулу, пікірін ашық айтуға үйрету, қабілеттерін дамыту. Оқуға деген ынтасын арттыра отырып, интернеттің зияны мен пайдасы туралы өз ойларымен бөлісу. Оқушылар-интернет қаншалықты қажет болса да, кітаптың орнын баса алмайтынын және де кітаптың мәдени маңыздылығы, рухани құндылығы әлі күнге дейін өте құнды екендігін атап өтті.



<https://www.facebook.com/share/p/15uYJsH5yd/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде іске асыру мақсатында педагог - ұйымдастырушы А. Медеу "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының жоспарына сәйкес "Өзекті мәселе жемқорлық" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Жемқорлық – елдің дамуына кедергі келтіретін өзекті мәселе. Онымен күресу – тек мемлекеттік органдардың емес, әрбір азаматтың парызы. Әркім әділдік пен адалдықты өмір салтына айналдырса ғана, қоғам жемқорлықтан тазарады. Жемқорлық тек бір адамның емес, бүкіл қоғамның дамуына кері әсер ететін қауіпті әлеуметтік дерт болып саналады.

Мақсаты Жемқорлықтың түсіндіру, жастарды адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу және құқықтық сауаттылықты дамыту, әділ, адал қоғам құру үшін әрбір адамның жемқорлыққа қарсы тұруының қажеттілігін түсіндіру.



<https://www.facebook.com/share/p/198RkDKHuV/>

«Шуағымсың сен!»

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде Түркістан облысы Білім басқармасының 05.05.2025 25/2991 бұйрығына сәйкес 11 мамыр "Аналар" күніне орай "Шуағымсың сен!" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Аналардың еңбегін, мейірімін, махаббатын құрметтеп, алғыс айтуға арналған мереке.

Мақсаты: Ананың махаббаты мен еңбегін бағалау, қоғамда аналардың рөлін насихаттау.



<https://www.facebook.com/share/p/16qEhbKs7n/>

«Ұлы Жеңіске 80 жыл»

Жаңақол жалпы білім беретін мектебінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай тағылымды еске алу іс-шарасы ұйымдастырылды.

Мектеп оқушылары мен ұстаздар мектеп маңындағы ескерткішке барып, гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне арнап жүрекжарды әндер мен жыр шумақтарын орындады.

Бұл шара – ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым ету, олардың ел үшін төккен қаны мен жанын құрметтеу, ешпес ерлігін мәңгі есте қалдыру мақсатын көздейді.

Біз бейбіт өмірдің бағасын білеміз, оны сыйлаған батырларға мәңгі қарыздармыз!

Ерлік – ұрпаққа аманат, тағзым – парызымыз



<https://www.facebook.com/share/p/198faHw7jG/>

«Ұлы Жеңіске 80 жыл» көркемсөз

Жаңақол жалпы білім беретін мектебінде педагог - ұйымдастырушы А. Медеудің ұйымдастыруымен "Ұлы жеңіске 80жыл" толуына орай көркемсөз байқауы өткізілді. Бұл күн — тарихтағы ең ауыр соғыстардың бірінде ерлік көрсеткен батырларымызды еске алып, олардың жанқиярлық еңбегіне тағзым ететін маңызды мереке. Жеңіс күні – бұл батырлар ерлігінің белгісі. Біз бейбіт өмірде өмір сүріп жатқанымыз үшін сол жауынгерлерге мәңгі қарыздармыз. Олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Мақсаты Бұл — тарихты ұмытпау, бейбітшіліктің қадірін білу, ардагерлерге алғыс білдіру, кейінгі ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Бейбіт өмір үшін күрескен батырлардың ерлігін еске түсіру.



<https://www.facebook.com/share/p/1Xt3wzSkyV/>

«Арқан тартыс» ойыны

Жанакөл жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында педагог - ұйымдастырушы А. Медеу мен дене шынықтыру пәні мұғалімі Ж. Қалдарбайдың ұйымдастыруымен Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында қазақтың ұлттық ойыны "Арқан тартыс" ойыны өткізілді. Арқан тартыс ойыны-күштілік пен төзімділікті, ептілік пен шыдамдылықты арттырады. Ойын қатысушылардың күшін, төзімділігін, ұйымшылдығын, ептілігін сынайды. Ойынның мақсаты қарсылас команданы өз жағына қарай тартып, арқанның ортасын белгіленген шек сызықтан асыру.



<https://www.facebook.com/share/p/12Kk7UTYamw/>

«Дені сау ұрпақ- елдің болашағы»

Жаңақол жалпы білім беретін мектебінде "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының жоспарына сәйкес "Дені сау ұрпақ- елдің болашағы тақырыбында" сынып сабағы өткізілді. Денсаулығы мықты, білімді, тәрбиелі ұрпақ ғана елдің жарқын болашағын қамтамасыз ете алады.

Мақсаты: Ұрпақ денсаулығының маңызын түсіндіру мен салауатты өмір салтын насихаттау. Дені сау ұрпақ – елдің болашағын құратын тірегі. Сондықтан әрбір ата-ана, ұстаз, қоғам мүшесі ұрпақ денсаулығына бейжай қарамай, болашақ үшін жауапкершілікпен қарауы тиіс.



<https://www.facebook.com/share/p/INBW8wu9rf/>

«Ұлдар жиналысы»

Жаңақол жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында педагог-ұйымдастырушы А. Медеу ұлдар клубының кезекті жиналысын өткізді. Жиналысқа директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б. Ералиева мен Б. Шерімбетова, педагог-психолог Ұ. Қалмұратова, аға тәлімгер Н. Балқыбеков қатысты.

Жиында оқушылардың құқықтық жауапкершілігін арттыру, мектептің оқушылар ережесінің сақталуы, телефонға тәуелділіктің алдын алу, буллинг, лудомания, түнгі уақытта оқушылардың көшеде жүрмеуі туралы Шерімбетова Бану апай баяндама жасады. Мақсаты: ұл балаларға ер азаматқа тән жауапкершілік, әдеп, мінез-құлық, тәртіп туралы түсінік беру.



<https://www.facebook.com/share/p/1He5m8UGLU/>

«Тірі жануарларды эксперимент жасау үшін пайдалану дұрыс деп есептейді»

Жаңақол жалпы білім беретін мектебінде педагог-ұйымдастырушы А. Медеудің "Ұшқыр ой алаң" дебат клубының жоспарына сәйкес "Тірі жануарларды эксперимент жасау үшін пайдалану дұрыс деп есептейді" тақырыбында дебат сайыс өткізілді.

Жануарлар арқылы жасалған тәжірибелер көптеген ауруларға қарсы дәрі-дәрмек пен емдеу тәсілдерін табуға көмектесті.

Адам өмірін сақтау мен жақсарту үшін кейде мұндай тәжірибелер қажет болады. Көптеген елдерде жануарларға жасалатын тәжірибелер арнайы этикалық нормалар мен заңдар арқылы реттеледі.

Мақсаты: Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, жануарлармен тәжірибе жасаудың этикалық, ғылыми және құқықтық аспектілерін талқылауға мүмкіндік беру. Сонымен қатар, қатысушылардың өз пікірін дәлелді түрде жеткізе білу, қарсы пікірді тыңдап, оған жауап қайтара алу қабілетін қалыптастыру.



<https://www.facebook.com/share/p/16VJLsDqEs/>

«Асық» ойыны

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде педагог-ұйымдастырушы А.Медеудің ұйымдастыруымен ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Асық» ойынының түрлері өткізілді.

Ойынның негізгі мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау. Асық ойыны — қазақ халқының ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі. Бұл ойын көбінесе балалар мен жасөспірімдер арасында кең тараған, бірақ ересектер де ойнайды. Асық ойыны ертеден келе жатқан, тәрбие мен ептілікке, мергендікке баулитын қызықты ойын түрі.



<https://www.facebook.com/share/p/16a15tp6u6/>

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубына қабылдау туралы

1. Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылып, іс-шара жоспары бекітілді. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубына ерікті оқушылар қабылданып, ант қабылдады. Олар осы клубқа кіре отырып, өздерінің мемлекеттік рәміздерге, Отанға адал қызмет етуге, Сыбайлас жемқорлыққа төзбеуге ант берді. Мақсаты: «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.



2. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарына сәйкес "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Оқушылармен бірге "Жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеу.



«Жастар- сыбайлас жемқорлыққа қарсы»

3. Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде педагог ұйымдастырушы А. Медеудің «Адал ұрпақ ерікті мектеп» клубының жоспарына сәйкес «Жастар-сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында оқушылармен дебат сабақ өтілді. Оқушылар өз пікірлерін ашық айтып, өздерінің бағыттарының айқын екенін көрсетті. Іс-шара соңында ДТІЖО Б.Шерімбетова дебаттың мақсатына жеткендігіне тоқталып, адал ұрпақ тәрбиеленіп келе жатқандығын атап айтты. ҚББП Н.Сәрсенбаев оқушылардың пікірсайысқа белсене қатысып, нақты ойларын жеткізе білгендігін айта отырып, А. Медеуге шығармашылық табыс тіледі.



<https://www.facebook.com/share/p/15wP6t3b1q/>

4. Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде педагог-ұйымдастырушы Айсара Медеу мен кітапханашы Қуат Нұргүлдің ұйымдастыруымен "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының оқушыларымен "Менің сүйікті кейіпкерім" тақырыбында қойылым қойды. Мақсаты: балалар бойындағы шығармашылыққа деген талпынысты арттыру, олардың дамуына қолдау көрсету.



<https://www.facebook.com/share/p/1AEFX5GXA4/>

5. "Адал ұрпақ-ерікті мектеп" клубының мүшелерімен "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында видеоролик түсірілді. Мақсаты:

-Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және заң талаптарын сақтау деңгейін арттыру.

-Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның салдарын жою және қоғамда адалдық пен ашықтық мәдениетін қалыптастыру бойынша нақты шараларды талқылау.



<https://www.facebook.com/100062813058033/videos/1169160381592890/>

6. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында тәлімгер Н.Балқыбеков пен педагог-ұйымдастырушы А.Медеудің жетекшілігімен «Мектеп парламенті» мен «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері арасында "Сен және Заң" тақырыбында пікірсайыс өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың білімге, ізденіске деген құштарлығын арттыру, бағыт-бағдар беру.



<https://www.facebook.com/share/p/15CsRKjajv/>

«Соңғы қоңырау»

***Жаңақол жалпы білім беретін мектебінде* 2024-2025 оқу жылының аяқталуына арналған мерекелік кеш жоғары деңгейде өтті.**

Бұл – мектеппен қоштасып, жана өмірге жолдама алатын түлектер үшін ерекше күн. Ұстаздар мен ата-аналар жүрекжарды тілектерін білдіріп, мектеп өмірінің жарқын сәттері еске алынды.

Мектеп директоры А.Асқарбекова оқу жылының негізгі жетістіктеріне тоқталып, бітіруші түлектерге сәттілік тіледі.

Іс-шараға қатысқан қонақтар да бітіруші түлектерге жылы лебіздерін білдіріп, сәттілік тіледі.

Түлектер ән шырқап, ұстаздарға арнау оқып, жүрекжарды тілектерін білдірді. 11-сынып оқушылары 10-сыныптарға білім қытін табыстады.



<https://www.facebook.com/share/p/16i4YA5vNK/>